



Дезинфекция, дезинсекция үшін аспаптар



Тексерген: Жақан.Ж.Ж
Орындаған: Қалдыбай.Д.Н
Факультет: ҚДС
Курс: 3
Топ: 301-01

Жоспар



I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

A.Дезинфекция.Түрлері.

Б. Залалсыздандырудың тәсілдері

В. Дезинсекция. Дезинсекция
кезіндегі жалпы қауіпсіздік шаралар

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Залалсыздандыру, дезинфекция – адам мен жануарларда, өсімдіктерде ауру қоздыратын микроорганизмдерді жоюға бағытталған шаралар жүйесі.

Залалсыздандыру – жұқпалы аурулардың кең таралып кетуін болдырмау шараларының бірі. Қазақ халқы залалсыздандыру тәсілдерін ерте заманнан бері қолданып келген. Мысалы, ауырған адамның ыдыс-аяғын бөлек ұстап қайнату, науқастан түскен шашты, тырнақты көміп тастау немесе өртеп жіберу; мал шарушылығында – қораларды, көң-қоқысты тазалап отыру, дәнді дақылдарды күнге кептіріп алу, т.б

Қолдану мақсатына қарай залалсыздандыру екі түрге ажыратылады: сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру және ошақтық залалсыздандыру (күнделікті немесе ағымдық және қорытынды).

Сақтық залалсыздандыру – алдын-ала тағамдық өнімдерді дайындайтын және сақтайтын жерлерді, малдан алынатын шикізат немесе тағамдық заттар сақтайтын мекемелерді, мал қораларын, астық қоймаларын, емхана және ауруханаларды, әжетханалар мен қоқыс жинайтын орындарды арнайы тәсілдер қолданып өңдеу.

Ошақтық залалсыздандыру – ауырған адам мен малдың қасында болып, олар сауығып кеткенге дейін күнделікті бақылау жүргізіп отыру, ауруды емдеуге алып кете салысымен және аурудан жазылып кеткеннен кейін немесе ауру (адам не мал) өліп қалғаннан кейін бірден (көп кешікпей) ауру орнын толық өңдеуден өткізу.

Дезинфекция құралдарының қауіптілігін сыныптау



| Қауіптілік сыныбы | Уыттың қатты әсер ету аймағы: қатты әсер ету деңгейінің шығын нормасына қатынасы | Қолданылуға ұсынылатын шарттар |
|--------------------------------------|---|---|
| 1-сынып - өте қауіпті | 1-ден кем | Экстремалды жағдайларда (эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша) арнайы костюмдерде және газқағарларда пайдаланылады |
| 2- сынып – қауіптілігі жоғары | 1-3 | Тыныс алу органдарын, көзді, теріні қорғайтын құралдармен адамдар болмаған кезде пайдаланылады |
| 3-сынып - қауіптілігі орташа | 3,1-10 | Тыныс алу органдарын және көзді қорғайтын құралдарсыз, бірақ адамдар болмаған кезде пайдаланылады |
| 4-сынып - қауіптілігі аз | 10-нан артық | Қолдану аясын шектемей пайдаланылады |

Дезинсекция құралдарының қауіптілігін сыныптау

| Қауіптілік сыныбы | Биоцидті әсер ету аймағы | | Дезинфекциялауда препараттарды қолдану мүмкіндігі және саласы туралы қорытынды |
|------------------------------|--------------------------|---------------|---|
| | күшті | күштілігі аз | |
| | шығын нормасы | шығын нормасы | |
| 1-сынып - өте қауіпті | < 10 | < 1 | Пайдалануға ұсынылмайды |
| 2-сынып - қауіптілігі жоғары | 10-30 | 1-5 | Регламенттелген қолдану шарттарын (құрал шығыны, желдету және ылғалды жинау) сақтай отырып, адамдар болмаған кезде тыныс алу органдарын, көзді, теріні қорғайтын құралдары бар кәсіби контингенттің қана қолдануы үшін ұсынылады. |
| 3-сынып - қауіптілігі орташа | 31-100 | 5,1-10 | Кез келген типтегі үй-жайларда регламенттелген қолдану шарттарын (құрал шығыны, желдету режимі, жинау) сақтай отырып, кәсіби контингент пен тұрғындардың тұрмыста пайдалануы үшін ұсынылады. |
| 4-сынып - қауіптілігі аз | > 100 | > 10 | Қолдану аясын шектемей пайдаланылады |

Залалсыздандырудың тәсілдері

Механикалық залалсыздандыруда үй ішін шаңсорғышпен тазалап, сабындап жуып, желдетеді, мал қораны су шашып сыпырады, малдың тұрағының құрал-жабдығын тазартады.

Физикалық залалсыздандыруда ультракүлгін, радиациялық, лазерлік сәулелермен, ультрадыбыспен өңдейді, қайнату, өртеу, бумен немесе ыстық ауамен өңдеу, т.б. пайдаланылады.

Химиялық залалсыздандыруда қышқылдар мен сілтілер, формалин, хлор, хлорлы әк, натрий хлориді, хлорамин, фенол препараттары, тотықтырғыштар, т.б. қолданылады.

Денсаулық сақтау ұйымдарының дезинфекциялау құралдарына қажеттілігін есептеу

- 1. Үй-жайларға, жабдықтарға ағымдағы дезинфекция жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарының дезинфекциялық құралдарына қажеттілігін есептеудің мынадай формуласы пайдаланылады:

-
- $$X_1 = Q \frac{NK}{100} (S_1 + S_2 + S_3),$$
 мұндағы
-

- X_1 – ұйымдардың дезинфекциялық құралдарға жылдық қажеттілігі (килограмммен немесе литрмен);
- Q – дезинфекция саны (жұмыс күндерінің санына және дезинфекция жүргізу жиілігіне негізделі отырып);
- N – дезинфекциялық құралдың жұмсалу нормасы (бір литрге бір шаршы метр);
- K – дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы (пайызбен);
- S_1 – дезинфекциялануға тиісті үй-жайдың ауданы (шаршы метрмен);
- S_2 – дезинфекциялануға тиісті жабдықтың ауданы (санитариялық-техникалық жабдықтардың әр бірлігінің ауданы бір шаршы метрге, ванналар – үш шаршы метрге қабылданады);
- S_3 – дезинфекциялануға тиісті басқа да объектілердің ауданы (шаршы метрмен).

Мал шаруашылығында қораларды, топырақты, суды, жиналған садыраны, көңді; өсімдік шаруашылығында тұқымды, екпе көшеттерді, топырақты, қоймаларды, т.б. залалсыздандырады. Мал қораларын залалсыздандыру:

- 1) шаруашылық жұқпалы аурудан аман болған жағдайда – малды жайылымға шығарған соң, көктемде;
- 2) мал қолға қарайтын кезде – күзде жүргізіледі.

Залалсыздандыру шараларының көлемі, қолдану тәсілдері және тиісті дезинфекциялық ерітінділерді таңдап алу жұқпалы аурудың берілу механизміне, қоздырғыштың төзімділігіне, өңдеуге алынған заттардың қасиетіне және санына, тұрғын үй мен мал қораның көлеміне қарай таңдап алынады.

Залалсыздандыру жұмыстарын келісімшарт бойынша санитарлық-эпидемиологиялық немесе дезинфекциялық станциялардың қызметкерлері атқарады

ДЕЗИНСЕКЦИЯ (дез... және лат. *insecta* – жәндік)

– ауру қоздырғыштарын тарататын зиянды жәндіктерді жою үшін мал фермаларында, құс фабрикаларында, ет комбинаттарында, қоймаларда, т.б. қолданылатын малдәрігерлік-санитарлық шаралардың бірі.

Дезинсекцияның мақсаты – ауру қоздырып, тарататын жәндіктерді жою және олардың өсіп-өнуіне, көбеюіне жол бермеу. Дезинсекцияның физикалық, механикалық, химиялық, биологиялық әдістері бар.

Физикалық әдісті қолдану кезінде ыстық не суық температурамен бұмен өңдеу, өртеу, жоғары тербелісті ультраток, иондаушы сәулелердің әсерін пайдалану арқылы ұсақ жәндіктерді жояды. Механикалық әдісті қолдану кезінде есік-терезе торланып, қоражай көң-қоқыстан тазартылады. Химиялық әдісті қолдану кезінде жәндіктерді жою үшін улы препараттар (ДДТ, гексахлоран, хлорофос, нафталин, а набазин, күкіртті газ, т.б.) қолданылады. Биологиялық әдісті қолдану кезінде жәндіктерді жоюға құс, балық, микроорганизмдер пайдаланылады.

Дезинсекция арнайы мекемелер мамандарының бекітуімен белгіленген ережеге сай жүргізіледі. Әдетте Дезинсекциялық шаралар дератизациямен қатар орындалады.

Дезинсекциялық заттарды қолданылу аймағы мен шарттары оның улылығы мен қауіптілік дәрежесі бойынша анықталады.

Мысалы:

Аса қауіпті (1-сыныпты) заттар – жабық бөлмелерде қолдануға тиым салынады.

Қауіптілігі жоғары (2- сыныпты) заттар – балалар мекемелерінде, емдеу мекемелерінде, қоғамдық тамақтану орындарында және тұрмыстық жағдайда қолдануға болмайды. Бұдан басқа жерлерде тек арнайы білікті маманның қатысуымен жасалуы керек. Соңынан міндетті түрде желдету және жинау жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Қауіпті (3- сыныпты) заттар- кез-келген бөлме жағдайында маманның қатысуымен қолданылады.

Қауіптілігі аз (4- сыныпты) заттар- ешқандай шектеусіз жағдайда қолданылады.

Дезинсекция кезіндегі жалпы қауіпсіздік шаралар:

- Жұмыс жүргізу үшін жасы 18- ден кем емес арнайы медициналық талаптарға сай, арнайы тексеруден өткен адам ғана осы жұмысқа босатылады.
- Мамандығы бойынша рұқсат қағазын алған тұлға ғана жұмыс істеуге құқылы болып табылады.
- Жұмысқа кіріспес бұрын қызметкер арнай оқу-тәжірибеден өтке және де еңбек ережелерімен танысқан болуы керек.
- Өзі атқаратын жұмыс бойынша теориялық білімі мен еңбек стажы болуы керек.
- Қызметкерді қауіпсіздік шаралары бойынша теориялық білімін кем дегенде 3 айда бір рет тексеруден өткізу керек.
- Дезинсекциялық және репеллентті заттармен жұмыс істегуге ешқандай заттарға қарсы көрсетілімі жоқ адам тағайындалады.
- Дезинсекциялық заттармен жұмыс істеушілер қауіпсіздік техникасы талаптарына сай арнай киіммен және жеке бас қауіпсіздік заттарымен (СИЗ) қамтамасыз етілуі тиіс.
- Өңделмеген жеке бас қауіпсіздік заттарымен жұмыс істеге тиым салынады.

Дезинсекциялық жұмысты орындаушы персонал жеке бас қауіпсіздік заттарымен қоса сабынмен, орамалмен және де теріні жұмсартатын заттармен қамтамасыз етілуі керек. Дезинсекциялық заттармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезінде мынадай ережелерді сақтау керек:

- Міндетті түрде арнайы киім кию және де жеке бас қауіпсіздік заттары: халат, аяқ киім, респираторлар, қолғаптар, көзілдіріктер кию қажет.
- Ерітінді, эмульсия, суспензия, приманкаларды дайындау кезінде әр түрлі респираторлар қолдану.
- Жаймаларды дезинсекциялық заттармен өңдеу жұмыстарын жеке бас қауіпсіздік заттарын қолдана отырып, бөлмеден тыс немесе арнайы тартпалы желдеткішпен жабдықталған бөлмеде жүргізу керек.
- Дезинсекциялық заттардың теріге, шырышты қабықтарға түсіп кетпеуіне жол бермеу керек.
- Приманка түріндегі заттарды арнайы ыдыстарда сақтап, оларды балалар мен үй хайуанаттарына алынбайтындай жерге орналастыру керек.

Қорытынды



- **Қорытынды дезинфекциялауды** дезинфекциялық станциялар немесе санитариялық – санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органдарының (ұйымдарының) аумақтық бөлімшелерінің дезинфекциялық бөлімдері (бөлімшелері), ауылдық жерлерде – медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары жүргізеді



Қорытынды дезинфекция инфекциялық
аурулар ошақтарында науқасты емдеуге
жатқызу, оқшаулау, науқастың сауығуы
немесе қайтыс болуы кезінен бастап бір
тәулік ішінде жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл. [ISBN 9965-607-02-8](#)
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990 [ISBN 5-89800-008-9](#)
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) "Қазақ Энциклопедиясы", 4 том 3 бөлім

Назарларыңызға
рахмет!

